



ШЕШІМ  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

10 мамыр 2018 жыл

Тараз қаласы.

Жамбыл облысы Тараз қалалық соты судья Т.И.Азбекованың төрағалық етуімен, сот отырысының хатшысы БН.Абилькасымовтың хатшылықта болуымен, арызданушы Тараз қалалық прокуроры – түрінде 27 сәуір 2018 жылғы сенімхаты бойынша өкілі А. Тілешовтың ,ашық сот отырысында Тараз қалалық сотының гимаратында арызданушы Тараз қалалық прокурорының ақпараттық файлдарды террористік сипатта деп тану туралы арызы бойынша азаматтық ісін қарап

**АНЫКТАҒАНЫ**

Арызданушы Тараз қалалық прокуроры сотқа берген арызында Жамбыл облысы Тараз қалалық №2 сотының 09 қазан 2017 жылғы үкімімен С.Ш.Кенжекараев Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 256 бабының 2 бөлігімен (әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздыруға, азаматтардың ұлттық ар-намысы мен қадір-қасиетін не діни сезімдерін қорлауға бағытталған қасақана әрекеттер және терроризмді насиҳаттау немесе терроризм актісін жасауға жария түрде шақыру) кінәлі деп танылып, түпкілікті 7 жылға,6 ай мерзіміге бас бостандығынан айырылғандығын, қылмыстық іс-әрекетін жалғастырғандығын, телекоммуникациялар желісін пайдаланып, терроризмді насиҳаттау және терроризм актісін жасауға жария түрде шақыруды, сол сияқты «В Контакте» әлеуметтік желісінде сақтаған. 17 ақпан 2017 жылғы №2285санды кешенді дінтанушылық және психологофилологиялық сараптама қорындсына сай, жоғары аталған ақпараттық файлдарда терроризмді насиҳаттау және терроризм актісін жасауға жария түрде шақыру белгілері бар екендігі көрсетілген. Аталған материалдардың Интернет желісіне ашық түрде кіруі, қоғамның қауіпсіздігі мен тәртібіне ғана емес, жалпы мемлекеттің қауіпсіздігіне нұқсан келтіретіндігін көрсетіп, соттан ақпараттық файлдарды террористік сипатта деп тануды сұранған.

Сот отырысында арызданушы Тараз қалалық прокурорының өкілі А. Тілешов арызды толық қуаттап, арызда көрсетілген ақпараттық файлдарды экстремистік сипатта деп тануды және Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, онда басып шығаруға, әзірлеуге және таратуға тиым салуды сұрады.

Сот, арызданушының толық көлемде арызын қанағаттандыруды сұраған түсінігін ескеріп, іс құжаттарын толық зерттеп, арызданушы Тараз

қалалық прокурорының арызы төмендегі негіздерге сай қанағаттандырылуға жатады деген тұжырымға келді.

Қазақстан Республикасының Конституциясының (әрі қарай Конституция) 1 бабына сай, Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның әмірі, құқықтары мен бостандықтары.

Конституцияның 2 бабына сай Қазақстан Республикасы - президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет. Республиканың егемендігі оның бүкіл аумағын қамтиды. Мемлекет өз аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлінбеуін қамтамасыз етеді.

Конституцияның 20 бабының 3 бөлігіне сай, Республиканың конституциялық құрылышын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насиҳаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді.

Қазақстан Республикасының «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңының (әрі қарай Заң) 1 бабының 1 бөлігіне сай, экстремизм – нәсілдік, ұлттық және рулық алауыздықты, оның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты алауыздықты қоздыруды (ұлттық экстремизмді); діни өшпенделілікті немесе алауыздықты, оның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты өшпенделілікті немесе алауыздықты қоздыруды, сондай-ақ азаматтардың қауіпсіздігіне, әміріне, денсаулығына, имандылығына немесе құқықтары мен бостандықтарына қатер төндіретін кез келген діни практиканы қолдануды (діни экстремизмді) көздейтін әрекеттер ұйымдастыруы және (немесе) жасауы.

Қазақстан Республикасының «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 1 бабының 1 бөлігі 18 тармағына сай, террористік іс-әрекет – төмендегі әрекеттердің кез келгенін жасау: терроризм актісін ұйымдастыру, жоспарлау, дайындау, қаржыландыру және іске асыру; терроризм актісін жасауға айдалану; терроризм актісін жасау мақсатында заңсыз әскерилендірілген құралымды, қылмыстық қоғамдастықты (қылмыстық ұйымды), ұйымдастық топты ұйымдастыру, сол сияқты осындай құрылымдарға қатысу; террористерді азғырып тарту, қаруландыру, үрету және пайдалану; терроризм актісін ұйымдастыруға, жоспарлауға, дайындауға және жасауға ақпараттық тұрғыдан немесе өзгедей жәрдемдесу; терроризм идеяларын насиҳаттау, террористік материалдарды тарату, оның ішінде бұқаралық акпарат құралдарын немесе телекоммуникация желілерін пайдалана отырып тарату.

Заңның 4 бабына сай, экстремизмге қарсы іс-қимылдың негізгі міндеттері: экстремизмнің көрініс беру нысандарына қарамастан, Қазақстан Республикасында оны жүзеге асыруға жол бермеу; экстремизмді жүзеге асыру үшін жағдайлар мен мүмкіндіктер жасауды болғызбау; азаматтардың

саяси және құқықтық мәдениетін қалыптастыру; Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

Заңның 12 бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін, онда басып шығарылатын, әзірленетін және (немесе) таратылатын және экстремизм белгілері бар ақпараттық материалдарды прокурордың етіншімен сот тыйым салу талабын мәлімдеген прокурордың тұрған жері бойынша немесе мұндай материалдардың табылған жері бойынша экстремистік деп танып, оларды әкелуге, басып шығаруға, әзірлеуге және (немесе) таратуға тыйым салады.

Сот отырысында анықталғаны, Жамбыл облысы Тараз қалалық №2 сотының 09 қазан 2017 жылғы үкімімен С.Ш.Кенжекараев Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің (әрі қарай ҚҚ) 174 бабының 1 бөлігімен және 256 бабының 2 бөлігімен кінәлі деп танылып, оның меншігіндегі қылмыстық жолмен табылған не қылмыстық жолмен табылған қаражатқа сатып алғынған мүлкі тәркіленіп, түпкілікті 7 жыл, 6 ай мерзімге бас бостандығынан әйыру жазасы тағайындалған. Сот үкімі заңды күшіне енген.

Жоғарыда аталған қылмыстық іс шеңберінде жүргізілген 17 ақпан 2017 жылғы №2285 кешенді сот дінтанушылық және психолого-филологиялық саралтамасының қорытындысына сәйкес, зерттеуге ұсынылған объектілер, яғни ақпараттық файлдарда діни араздықты немесе алауыздықты қоздыру, терроризм актісін жасауға жария түрде шақыру белгілері бар екендігі көрсетілген.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай АПК) 76 бабының 3 бөлігіне сәйкес, соттың қылмыстық іс бойынша заңды күшіне енген, талап қоюды қанағаттандыру құқығы танылатын үкімі өзіне қатысты сот үкімі шығарылған адам әрекеттерінің азаматтық-құқықтық салдары туралы істі қарайтын сот үшін міндетті. Заңды күшіне енген сот үкімі мұндай азаматтық істі қарайтын сот үшін осы іс-әрекеттер орын алды ма және оларды осы адам жасады ма деген мәселелер бойынша да, сондай-ак үкіммен белгіленген басқа да мән-жайларға және олардың құқықтық бағасына қатысты міндетті.

Осылан орай, сот, аталған ақпараттық материалдарды Заңның 1 бабының 7 бөлігіне сай, адам құқықтары мен бостандықтарына, заңды тұлғалардың, қоғамның және мемлекеттің атына нұқсан келтіретін экстремистік материалдарға жатады деп тапты.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде, Қазақстан Республикасының Конституциясының, Қазақстан Республикасының «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңының және Қазақстан Республикасының «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңының, экстремизм мен терроризмді насихаттау, ақпараттық материалдарды Қазақстан Республикасының аумағына әкелу, онда басып шығару, әзірлеу және таратылуға тыым салынғандығын еске ала отырып, сот Тараз қалалық прокурорының арызы қанағаттандырылуға жатады деп және ақпараттық материалдарды экстремистік сипатта деп тануды және олардың Қазақстан Республикасының аумағына әкелінуіне,

онда басып шығаруылуына, әзірленуіне және таратылуына тиым салуды қажет деп тапты.

Баяндалғандардың негізінде және АПК-нің 223-226, 378 баптарын басшылыққа алып, сот

#### ШЕШІМ ЕТТІ:

Арызданушы Тараз қалалық прокурорының ақпараттық файлдарды террористік сипатта деп тану туралы арызы толық көлемде қанағаттандырылсын.

Келесі ақпараттық файлдар:

Unknown artist – Untiled ұзақтығы 6:12 минут

Unknown artist – Untiled ұзақтығы 41:03 минут

Unknown artist – Untiled ұзақтығы 49:10 минут  
террористік сипатта деп танылсын.

Сот шешімінің Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін, онда басып шығарылатын, әзірленетін және (немесе) таратылатын ақпараттық материалдарды таратылуына тиым салу туралы бөлігін орындау Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне, Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігіне жүктелсін.

Сот шешімі дереу орындалуга жатады.

Сот шешімінің көшірмесі ақпараттық файлдарды террористік сипатта деп танылғандардың тізіміне қосу үшін арнайы есепке алатын Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетіне жіберілсін

Шешімге шағым және (немесе) наразылық Тараз қалалық соты арқылы Жамбыл облыстық сотының азаматтық істер бойынша апелляциялық сот алқасына, апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты, осы Кодексте белгіленген жағдайларды қоспағанда, түпкілікті нысанда шешім шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған адамдар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап 1 (бір) ай ішінде беруі мүмкін.

Төрағалық етуші судья

Т.И.Азбекова

Шешім түпкілікті нысанда 2018 жылдың 17 мамыры күні әзірленді.

Көшірмесі дұрыс

Т.И.Азбекова

Судья

Шешім заңды күшіне енген жок.

Т.И.Азбекова

Судья

Шешім заңды күшіне «18» 06

2018 ж. енді

Судья

Т.И.Азбекова

Тігілді  
барлығы  
Судья:

және  
нөмірленді  
паватқа



## Ұ Й Ф А Р Ы М

12 шілде 2018 жылы

Тараз қаласы.

Жамбыл облысы Тараз қалалық сотының судьясы Т.И.Азбекова, хатшылығында Н.Амиротовтың хатшылығында, арызданушы Тараз қалалық прокурорының ақпараттық файлдарды террористік сипатта деп тану туралы азаматтық ісінің шешімін қарап,

### А Н Ы Қ Т А Ф А Н Ы :

Тараз қалалық сотының 10 мамыр 2018 жылғы шешімімен арызданушы Тараз қалалық прокурорының ақпараттық файлдарды террористік сипатта деп тану туралы арызы қанағаттандырылған.

Алайда, 10.05.2018 жылғы сот шешімі техникалық ақауларға байланысты шешімде қате жазылған, яғни дұрыс жазылмай «... -/парақша 8df04cc55e33/ Unknown artist –Untitled ұзақтығы 6:12 минут, -/парақша 567dbf14204/ ,Unknown artist –Untitled ұзақтығы 41:03 минут, -/парақша a8f932f3f3ca/,Unknown artist –Untitled ұзақтығы 49:10 минут террористік сипатта деп танылсын» деген сөздін орнына «...Unknown artist –Untitled ұзақтығы 6:12 минут,Unknown artist –Untitled ұзақтығы 41:03 минут ,Unknown artist –Untitled ұзақтығы 49:10 минут террористік сипатта деп танылсын...» деп жазылып кеткен.

Казақстан Республикасы АПК-нің 235 бабының 2 тармағына сай, сот өз бастамашылығымен немесе іске қатысушы адамдардың арызы бойынша шешімде жіберілген қате жазулар мен айқын арифметикалық қателерді түзете алады.

Жоғарыдағылардың негізінде, сот 10.05.2018 жылғы сот шешіміне түзету енгізуі дұрыс деп тапты.

Казақстан Республикасы АПК-нің 235, 268,269 баптарын басшылықта алып, сот

## Ұ Й Ф А Р Ы М Е Т ТІ :

Тараз қалалық сотының арызданушы Тараз қалалық прокурорының ақпараттық файлдарды террористік сипатта деп тану туралы туралы азаматтық ісі бойынша шығарылған 10.05.2018 жылғы шешіміне келесідей түзету енгізуге:

арызданушы Тараз қалалық прокурорының ақпараттық файлдарды террористік сипатта деп тану туралы азаматтық ісі бойынша шығарылған



10.05.2018 жылғы шешімінде - «... -/парапша 8df04cc55e33/ Unknown artist –Untiled ұзақтығы 6:12 минут,  
-/парапша 567dbf14204/ ,Unknown artist –Untiled ұзақтығы 41:03 минут,  
-/парапша a8f932f3f3ca/,Unknown artist –Untiled ұзақтығы 49:10 минут  
террористік сипатта деп танылсын...» деп оқуға және ары қарай мәтін бойынша.

Ұйғарымға Тараз қалалық соты арқылы Жамбыл облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына ұйғарым түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде жеке шагым жасалуы, прокурормен өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья

Т.И.Азбекова

Ұйғарым түпкілікті нысанда 13.07.2018 ж. дайындалды.

Көшірмесі дұрыс.

Судья

Т.И.Азбекова





080000, Республика Казахстан, Жамбылская область  
Тараз қаласы, Койгелді көшесі, 78 үй  
т.н.: 8 (7262) 43-06-60, кани/факс: 8 (7262) 43-18-32,  
e-mail: hr-taraz-kanc@prokuror.kz

080000, Республика Казахстан, Жамбылская область  
город Тараз, ул. Койгелды, дом 78  
т.н.: 8 (7262) 43-06-60, кани/факс: 8 (7262) 43-18-32,  
e-mail: hr-taraz-kanc@prokuror.kz

14.03.18 №  
2-0418-03527

Тараз қалалық сотына

Арыз беруші:

Тараз қалалық прокуратурасы  
Тараз қаласы, Койгелды көшесі, 78

Мұдделі тұлғалар:

Қазақстан Республикасының  
мәдениет Министрлігі  
Астана қ., Орынбор көшесі, 8  
Қазақстан Республикасының  
Ішкі істер министрлігі  
Астана қ., Тәуелсіздік көшесі, 1  
Қазақстан Республикасының  
қаржы Министрлігі  
Астана қ., Бейбітшілік көшесі, 10  
Қазақстан Республикасының  
Инвестиция және даму Министрлігі  
Астана қ., Орынбор көшесі, 8

## АРЫЗ

ҚР Азаматтық процестік кодексінің 47 тарауының тәртібімен  
Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін, онда  
басып шыгарылатын, әзірленетін және (немесе)  
таратылатын ақпараттық материалдарды  
экстремистік немесе террористік деп тану туралы

Қазақстан Республикасының Конституциясының 20 бабы 3 тармағына  
сәйкес, Республиканың конституциялық құрылышын күштеп өзгертуді, оның  
тұтастырын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұксан келтіруді, соғысты,  
әлеуметтік, нақілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты  
насихаттауға немесе үтіттеуге жол берілмейді.

«Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Занының 1 бабы 1 тармақшасына  
сай, нақілдік, ұлттық және рулық алауыздықты, оның ішінде зорлық-  
зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шакырумен байланысты алауыздықты  
қоздыру экстремизм болып табылады.

«Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Занының 4 бабында, Қазақстан  
Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, экстремизмді жүзеге  
асыру үшін жағдайлар мен мүмкіндіктер жасауды болғызыбау, себебі нақілдік,

Ұлттық және рулық алауыздықты, оның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты алауыздықты қоздыру әрекеттері Қазақстан халқының бірлігін бұзыу және ұлт аралық қатынастың жағдайын нашарлатуы мүмкін.

«Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңының 6 бабы 1 тармағы 8 тармақшасына сай, ұлттық қауіпсіздікке негізгі қауіп-қатерлерге кез келген нысандардағы және көріністердегі терроризм мен экстремизм жатады.

«Терроризме қарсы іс-қимыл туралы» Заңында, Қазақстан Республикасында терроризме қарсы іс-қимылдың мақсаты жеке адамды, қоғамды және мемлекетті терроризмнен қорғау болып табылады.

Осы Заңның 10 бабы 1 бөлігі 1 тармағында терроризмді насиҳаттауға тыйым салынатындығы қөрсетілген.

«Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңының 23 бабы 6 тармағы 1 тармақшасына сай, ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіретін бұқаралық ақпарат құралдарының баспа өнімдері мен өнімін таратуға тыйым салынады.

Жамбыл облысы, Тараз қаласы №2 соттың 25.09.2017 жылғы үкімімен С.Ш.Кенжекараев Қылмыстық кодекстің 256 бабы 2 бөлігімен кінәлі деп танылып, түпкілікті 7 жыл 7 айға бас бостандығынан айыруға сottaған..

Жоғарыдағы сот үкім занды күшіне енген.

Сот үкіміне сай, 2017 жылдың наурыз айында С.Ш.Кенжекараев қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы ауыр санаттағы қылмыстық құқық бұзушылықты қасақана жасау мақсатында, Жамбыл облысы Тараз қаласында орналасқан ҚАЖД ЖД-158/2 түзеу мекемесінде «Нокия C1» маркалы ұялы телефоны арқылы, телекоммуникациялар желілерін пайдаланып, интернеттегі «ВКонтакте» әлеуметтік желісіне «Надя Иванова» деген атпен тіркелген.

С.Ш.Кенжекараев Д.К.Болебаевтың «ВКонтакте» әлеуметтік жүйесіндегі «Болебаев Дастан» деген парапашасына «Надя Иванова» деген тіркелген парапашасымен байланысқа шығып, телекоммуникациялар желілерін пайдаланып, оны дос ретінде өзінің парапашасына тіркеуді сұраған. Бұған, Д.К.Болебаев өзінің келісімін беріп, «ВКонтакте» әлеуметтік жүйесіндегі «Надя Иванова» деген парапашасымен С.Ш.Кенжекараевтың тіркелгенін білген.

2017 жылдың наурыз айында Д.К.Болебаев «Нокия X2» маркалы ұялы телефоны арқылы 8 747 890 36 90 абоненттік нөмірін қолданып, телекоммуникациялар желілерін пайдаланып, өзінің қылмыстық іс-әрекеттерін жасыру мақсатында «ВКонтакте» әлеуметтік жүйесіне «Досик брат» деген парапашамен тіркеліп, сол жерде әр түрлі діни түргышдағы фото суреттерді және радикалдық діни аудиожазбадағы уағыздарды сақтаған.

Бұдан кейін, С.Ш.Кенжекараев Д.К.Болебаевтың ұялы телефонына хабарласып, оған Пайғамбарлардың өмірбаяны туралы және діни мазмұндағы аудиожазбаларды «WhatsApp» мессенджері арқылы жіберуді сұраған.

2017 жылдың наурыз айында Д.К.Болебаев өзінің ұялы телефонының флеш картасында сақталған Unknown artist- Untitled, ұзақтығы 49:10 минут; Unknown artist- Untitled, ұзақтығы 32:37 минут; Unknown artist- Untitled, ұзақтығы 6:12 минут; Unknown artist- Untitled, ұзақтығы 41:03 минут; 'Ali Jaber-Al-Masad, ұзақтығы 0:29 минут; 'Ali Jaber-Al-Kafirun, ұзақтығы 0:37 минут; 'Ali Jaber-Al-

Falaq, ұзактығы 0:28 минут; 'Ali Jaber-Al-Ikhlas, ұзактығы 0:18 минут; 'Ali Jaber-An-Nas, ұзактығы 0:39 минут; 'Ali Jaber-Al-Fatihah, ұзактығы 1:02 минут; Ali Jaber-An-Najm, ұзактығы 6:47 минут болатын 11 дана діни мазмұндағы аудиожазбаларды жазасын етеуші С.Ш.Кенжекараевтың «ВКонтакте» әлеуметтік жүйесіндегі «Надя Иванова» деген парапшасына жіберіп, сақтап қойған.

Осылайша, С.Ш.Кенжекараев өзінің «Надя Иванова» деген парапшасында терроризмді насиҳаттау, терроризм актісін жасауга жария түрде шақырып, сол сияқты көрсетілген мазмұндағы материалдарды тарату мақсатында сактаған 11 дана аудио жазбалардың болғанын қалап, олармен танысып, ғаламтор арқылы радикалдық діни аудио жазбалармен басқа да тұлғалардың оларды көріп танысуына жағдай жасаған.

Атап айтқанда, С.Ш.Кенжекараев «ВКонтакте» әлеуметтік желісіндегі «Надя Иванова» парапшасына террористік сипаттағы келесі аудио жазбаларды жазған:

- /8df04cc55e33/, Unknown artist – Untitled, ұзактығы 6:12 минут;
- /567dbf14204/ Unknown artist – Untitled, ұзактығы 41:03 минут;
- /a8f932f3f3ca/ Unknown artist – Untitled, ұзактығы 49:10 минут;

30.06.2017 жылғы №2285 кешенді сот дінтанушылық және психология-филологиялық сараптама қорытындысында сай, зерттеуге ұсынылған құжаттарда аталған аудио жазбаларда терроризмді насиҳаттау немесе терроризм актісін жасауга жария түрде шақыру белгілері бар екені көрсетілген.

Осыған байланысты, жоғарыда аталған аудио жазбалар оларды әкелуге, басып шығаруға, әзірлеуге және (немесе) таратуға тыйым салынып, соның ішінде бұқаралық акпарат құралдарында және интернет-желілерінде террористік және экстремистік деп танылуға жатады.

«Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 12 бабына, «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 10-4 бабына сай, Қазақстан Республикасының аумағына таратылатын және экстремизм белгілері бар, сондай-ақ террористік іс-әрекет белгілері және (немесе) оны жүзеге асыруға, оның ішінде терроризм актісін жасауга шақыру қамтылған не осындай іс-әрекетті жүзеге асыру қажеттілігін негіздейтін немесе акттайтын акпараттық материалдарды прокурордың өтінішімен сот тыйым салу талабын мәлімдеген прокурордың тұрган жері бойынша немесе мұндай материалдардың табылған жері бойынша экстремистік және террористік деп танылып, оларды әкелуге, басып шығаруға, әзірлеуге және (немесе) таратуға тыйым салады.

Сонымен қатар, Азаматтық процестік кодексінің 54 бабының, 3 бөлігіне сай, прокурор азаматтардың құқығын, бостандығын және заңды мүдделерін, сондай-ақ үйымдардың құқығын және заңды мүдделерін, қоғамның немесе мемлекеттің мүдделерін қорғау үшін заңнамага сәйкес сотқа арызбен жүгінуге құқылы.

Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексінің 616 бабы 16 тармағына сай, прокуратура органдары - барлық талап қоюлар бойынша соттарда мемлекеттік баж төлеуден босатылған.

Жоғарыдағылардың негізінде, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 54, 376 баптарын, «Прокуратура туралы» Заңының 30 бабын,

«Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Занының 12 бабын, «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Занының 10-4 бабын басшылыққа ала отырып,

**СҮРАЙМЫН:**

1. «ВКонтакте» әлеуметтік жүйесіндегі келесі паракшадағы аудио жазбаларды террористік сипатта деп тануды:

- /парапша 8df04cc55e33/, Unknown artist– Untitled, ұзактығы 6:12 минут;
- /парапша 567dbf14204/, Unknown artist– Untitled, ұзактығы 41:03 минут;
- /парапша a8f932f3f3ca/, Unknown artist– Untitled, ұзактығы 49:10 минут;

2. Сот шешімінің Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін, онда басып шығарылатын, әзірленетін және (немесе) таратылатын ақпараттық материалдарды тарату бөлігінің орындалуын Қазақстан Республикасының Мәдениет, Ішкі істер және Қаржы Министрліктеріне, ақпарат және байланыс агенттігіне жүктеуді.

3. Арыздың қаралу күні туралы кала прокуратурасына хабарлауды.

Тараз қаласының прокуроры  
әділет кеңесшісі

— . —  
**Б.Сейлханов**

2

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ  
СОТ САРАПТАМАЛАРЫ  
ОРТАЛЫҒЫ» РМҚК  
Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша  
Сот сараптамалары институты

Шымкент қаласы, Түркістан көшесі, 65 үй,  
т. 8 (7252) 53-01-87, ф. 8(7252) 55-07-15

РГКП «ЦЕНТР СУДЕБНЫХ  
ЭКСПЕРТИЗ» МИНИСТЕРСТВА  
ЮСТИЦИИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
Институт судебных экспертиз по  
Южно-Казахстанской области

город Шымкент, улица Туркестанская, дом 65  
т. 8 (7252) 53-01-87, ф. 8(7252) 55-07-15



ҚР ҰҚҚ Жамбыл облысы бойынша  
Департаменті 9-Басқармасының бастығы  
әділет полковнігі П.Кожевинге  
(Ә.Абылайұлы үшін)

Осымен бірге №173100041000040 санды қылмыстық іс бойынша жүргізілген сарапшының № 2285 санды қорытындысын жолдаймыз.

Процессуальдық шығындар қатарына жатқызу үшін:

18.2. Сот психологиялық-филологиялық сараптама жүргізуге күрделілігі бойынша күрделі сараптаманың құны 48 149,45 (қырық сегіз мың жүз қырық тоғыз тенге қырық бес тыын).

21.1. Сот сараптамалық дінтанушылық сараптама жүргізуге күрделілігі бойынша күрделі сараптаманың құны 48 149,45 (қырық сегіз мың жүз қырық тоғыз тенге қырық бес тыын).

Төлем аудару: Шымкент қаласы «Әл-Фараби ауданы бойынша Қіріс Басқармасы» ММ. БИН 090440002968; БИК ККМFKZ2A; ИИК KZ24070105KSN0000000 Астана қаласы Қазынашылық Департаменті, Код 202101. КНП 979.

Төлем мақсаты: № 2285 сараптама шығындарын өтеу. Код-55 (Халық Банкі арқылы аудару қажет).

**Қосымша:**

- сарапшының қорытындысы – 11 парапта;
- фотокесте – 1 парапта;
- айғақты заттар – 2 дана компакт диск.

Директордың м.а.

Д. Орманов

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ  
«СОТ САРАПТАМАЛАРЫ ОРТАЛЫҒЫ» РМҚК  
Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Сот сараптамалары институты**

**САРАПШЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ №**

2285

**ОРЫНДАУШЫ**

Мирзаходжаев Абдулла Абидуллаұлы,  
Мырзаева Майра Әбдікерімқызы,  
Мырзахметова Гулсум Абдуалиевна

**ЗЕРТТЕУ ТҮРІ**

18. 2	<i>Сот-сараптамалық психологиялық-филологиялық зерттеу</i>
21.1	<i>Дінтанушылық сот сараптамалық зерттеу</i>
	<i>Кешенді</i>

**ІС ЖҮРГІЗУ МƏРТЕБЕСІ**

09.06.2017

**ТАҒАЙЫНДАУШЫ ОРГАН**

КР ҰҚҚ Жамбыл облысы бойынша Департаменті 9-Басқармасының

**САРАПТАМА  
ТАҒАЙЫНДАҒАН ТҰЛҒА**

Тергеуші Ә.Абылайұлы

**ИСТИҢ ФАБУЛАСЫ**

№173100041000040 санды қылмыстық іс бойынша, КР ҚҚ-нің 256  
б.26.

**КҮРДЕЛЕЛК ДƏРЕЖЕСІ**

Күрделі

**ОБЪЕКТЛІР САНЫ МЕН СИПАТЫ**

№	АТАУЫ	САНЫ
I	Компакт диск	2

**ТОҚТАТЫЛУ  
МЕРЗІМІ**

**НЕГІЗДЕМЕСІ**

**ҚАЙТА БАСТАУ  
МЕРЗІМІ**

АЯҚТАЛУ КҮНІ		30	06	2017	ТҰЖЫРЫМДАР САНЫ		
СУРАҚТАР САНЫ		ТҰЖЫРЫМДАР САНЫ					
БАРЛЫГЫ	ШЕШІЛМЕГЕҢІ	БАРЛЫГЫ	НАҚТЫ		ЫҚТЫМАЛ	ҚБМЕ	
			ОҢ	ТЕРІС			
4		5	2	3	-	-	-
5	-	5	2	3	-	-	-

**Сараптама түрі**

**Жалпы күні**

18.2	48 149,45
21.1	48 149,45

**ИНСТИТУТТА БОЛҒАН  
(күн)**

**ОНЫҢ ШИНДЕ ӨНДІРІСТЕ  
(күн)**

22

22

**САРАПШЫ ҚОРЫТЫНДЫСЫ  
ФОТО КЕСТЕ**

11

**ПАРАҚТА**

1 парақта

**КЕҢСЕГЕ ӨТКІЗГЕН КҮН**

30 06 2017

ДП.04.ИСЭ.02.03

30.06.2017 ж. № 2285 іс-құжаттар

ТІЗІЛІМІ


№	Құжаттың №	Құжаттың атаяуы	Құжаттың толтырылған күні	Парақ номері	Ескерту
1	2285	Сыртқы мұқаба	30.06.2017 ж.	-	
2	2285	Тізілім	30.06.2017 ж.	1	
3	2285	Ілеспе хат	30.06.2017 ж.	2	
4	2285	Бұрыштама	09.06.2017 ж.	3	
5	9/4-5094	Ілеспе хат	09.06.2017 ж.	4	
6	2285	Сараптама тағайындау туралы қаулы	09.06.2017 ж.	5-10	
7	----	Қараша актісі	09.06.2017 ж.	11	
8	2285	Хабарлама	09.06.2017 ж.	12	
9	2285	Сарапшының корытындысы	30.06.2017 ж.	13-23	
10	2285	Фотокесте	-----	24	

Барлығы: 10 (он) құжат

Ішкі тізілім бойынша парақ саны: 24 (жырма төрт)

Ішкі тізілімді жазған сарапшының аты-жөні, лауазымы:

Сарапшы Мырзаева М.



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ**  
**«СОТ САРАПТАМАЛАРЫ ОРТАЛЫҒЫ» РМҚҚ**  
Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Сот сараптамалары Институты

**Зерттеуге келіп тұсken объектілер мен материалдарды қарау  
АКТІСІ**

Қабылдау уақыты: 9

Күні: «09» 06 2017ж.

Біз, келесі құрамдағы төменде кол қоюшы комиссия:  
 сарапшы А. Мирзаходжаев, кенсе қызметкері  
 З.Досумбетова, сараптама тәғайындаған  
 адамның (немесе оның уәкілетті өкілінің) қатысуымен:

Жүрізгіш м. Асқарханов  
 қаулысы негізінде осы акті түзілді.

Қысқаша фабуласы: N 1931000400000 Документ іс  
бесінше

Жүргізу үшін: Жүрізгіш м. Асқарханов - Физикалық  
жеке жолынан жаралғасын

Жалпы қаптаманың және әрбір объектінің жеке алғандағы жай-күйі:  
жолтауын

Қаулыға (ұйғарымға) сәйкес зерттеу объектілері мен материалдардың тізілімі:

- гауын  
- жаралғасын  
- жеке жолынан жаралғасын

Өлшемдер (көлемін анықтау, санын есептеу және т.б.) сараптаманы тәғайындаған адамның (немесе оның уәкілетті өкілінің) қатысуымен жүргізілді:

Актіні келесі құрамдағы комиссия әзірлеdi:

2. А.А. Мирзаходжаев 88022520588

2. А.А. Мирзаходжаев А.А.Мирзаходжаев

3. З.Досумбетова З.Досумбетова

13

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ**  
**«СОТ САРАПТАМАЛАРЫ ОРТАЛЫҒЫ» РМҚК**  
**Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша сот сараптамалары Институты**

**САРАПШЫНЫҢ №2285 санды ҚОРЫТЫНДЫСЫ**  
(кешенді)

30.06.2017 ж.

Шымкент қ.

09.06.2017 жылы КР ӘМ Сот сараптамалары орталығының Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша сот сараптамалары институтына КР ҰҚҚ Жамбыл облысы бойынша Департаменті 9 басқармасының төргеушісі ұ.к. аға лейтенанты Ә.Абылайұлының №173100041000040 қылмыстық іс құжаттары бойынша кешенді психологиялық-филологиялық және дінтанушылық сот сараптама жүргізу үшін материалдар келіп түсті. Олардың сипаттамасы қорытындының зерттеу бөлімінде берілген.

Сараптамаға қаулы мен айғақты заттар қолма-қол жедел уәкіл М.Амиризатовпен ұсынылды.

**САРАПТАМАНЫҢ ШЕШУІНЕ ҚОЙЫЛҒАН СҰРАҚТАР:**

« - Сараптамаға ұсынылған «Вконтакте» әлеуметтік желісіндегі «Надя Иванова» параптасына жүктеліп сақталған аудиожазба материалдарында терроризмді насиҳаттау немесе терроризм актісін жасауға жария түрде шақыру белгілері бар ма?

- Сараптамаға ұсынылған «Вконтакте» әлеуметтік желісіндегі «Надя Иванова» параптасына жүктеліп сақталған фотосуреттер және және аудиожазба материалдарында тіркелүшінің өзі жария еткен мақалаларда, фотосуреттерде террористік немесе экстремистік қызметті ұйымдастыру мақсатында тұлғаларды жасактау, дайындау немесе қаруландыруға сілтейтін белгілер, мәліметтер бар ма?

- Сараптамаға ұсынылған «Вконтакте» әлеуметтік желісіндегі «Надя Иванова» параптасына жүктеліп сақталған аудиожазба материалдарында әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, діни араздықты немесе алауыздықты қоздыру, азаматтардың ұлттық ар-намысы мен қадір-қасиеті не діни сенімдерін қорлау белгілері, сондай-ақ дінге көзқарас, ұлттық, нәсілдік діни белгілері бойынша олардың айрықшылығы, артықшылығы немесе толыққанды еместігін насиҳаттау бар ма?

- Сараптамаға ұсынылған «Вконтакте» әлеуметтік желісіндегі «Надя Иванова» параптасына жүктеліп сақталған аудиожазба материалдарында үкіметті күштеп басып алу, үкіметті күштеп ұстауға немесе конституцияның құрылышын күштеп өзгертуге сондай-ақ Қазақстан Республикасының тұтастығын және аумағының бірлігін күштеп бұзуға үндеулер бар ма?

- Сараптамаға ұсынылған «Вконтакте» әлеуметтік желісіндегі «Надя Иванова» параптасына жүктеліп сақталған аудиожазба материалдарында қай

*Жарылғазыр 16* *Мурзак-*

дінге, қандай діни ағымға жатады, автор (авторлар) басқа дінге, ұлттар, нәсілдерге қарым-қатынас туралы қандай көзқарастарды уағыздайды?».

#### **№1 ЕСКЕРТУ:**

ҚР ҰҚҚ Жамбыл облысы бойынша Департаменті 9 Басқармасының тергеушісі ұлттық қауіпсіздік аға лейтенанты Э.Абылайұлының №173100041000040 санды қылмыстық іс күжаттары бойынша кешенді психологиялық-филологиялық және дінтанушылық сот сараптамасы өндірісіне 09.06.2017ж. қаулысымен бір реттік тәртіpte АӘИУ-і Акпараттандыру жаратылыстану институты «Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы, саясаттану магистрі Мырзахметова Гулсим Абдуалиевна қатыстырылды;

- қаулының №№1, 2 сұрақтары саясаттанушылық зерттеу, №№3, 4 сұрақтары филологиялық зерттеу, №5 сұрағы дінтанушылық зерттеу шеңберінде жүргізіледі;

- қаулының З бөлігіндегі «толыққанды еместігін насиҳаттау» туралы бөлігі құқықтық сипатқа ие болғандықтан зерттеуден алынып тасталды. Сұрақ төмендегі үлгімен берілді:

*«Сараптамага ұсынылған «Вконтакте» әлеуметтік желісіндеgi «Надя Иванова» парақшасына жүктеліп сақталған аудиожазба материалдарында әлеуметтік, ұлттық, рулық, наследік, діни араздықты немесе алауыздықты қоздыру, азаматтардың ұлттық ар-намысы мен қадір-қасиеті не діни сенімдерін қорлау белгілері, сондай-ақ дінге көзқарас, ұлттық, наследік діни белгілері бойынша олардың айрықшылығы, артықшылығы немесе кемдігі туралы сөйлемдер бар ма?».*

#### **Сараптама өндірісі төмендегі сарапшыларға тапсырылды:**

- Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша сот сараптамасы институтының бас сарапшысы, жоғары дінтанушылық, филологиялық және заң білімі, «Сот сараптамалық дінтанушылық зерттеу» мамандығы бойынша сот сарапшысы біліктілігі және 2005 жылдан сарапшылық өтілі бар Мирзаходжаев Абдулла Абибуллаұлына;

- Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша сот сараптамасы институтының бас сарапшысы, жоғары филологиялық білімі, «Психологиялық-филологиялық сот сараптамалық зерттеу» мамандығы бойынша сот сарапшысы біліктілігі және 2005 жылдан сарапшылық өтілі бар Мырзаева Майра Әбдікерімқызына;

- Аймақтық әлеуметтік инновациялық университеті Акпараттандыру жаратылыстану институты «Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы, саясаттану магистрі, 2003 жылдан жұмыс өтілі бар Мырзахметова Гулсим Абдуалиевнага.

Көрінеу жалған қорытынды бергені үшін Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 420-бабы бойынша көзделген қылмыстық жауапкершілік сарапшыға ескертілген:

Мырзахметова Гулсим Абдуалиевна, Мырзахметов Абдулла Абибуллаұлы.

Мырзахметова Гулсим Абдуалиевна, Мырзахметов Абдулла Абибуллаұлы.

## ЗЕРТТЕУ

Берілген обьектілерді зерттеу төмендегідей кестемен жүргізілді:

1. Объектілердің сыртқы түрін қарау;
  2. Жүргізілген зерттеулердің ғылыми-әдістемелік негіздерін анықтау;
  3. Психологиялық-филологиялық зерттеу (Мырзаева М.Ә.);
  4. Дінтанушылық зерттеу (Мирзаходжаев А.А.);
  5. Саясаттанушылық зерттеу (Мырзахметова Г.А.);
  6. Синтез бөлімі;
- ТҰЖЫРЫМДАР.**

### 1. ОБЪЕКТИЛЕРДІҢ СЫРТҚЫ ТҮРІН ҚАРАУ

Айғақты заттар зерттеуге қапталған түрінде тұсті.

Пакеттердің сыртқы түрін тексеру және сипаттау.

**Пакет №1** – өлшемі, шамамен, 130x170мм, қоныр тұсті пошталық конверт. Конверттің беткі жағында ақ тұсті қағаз жапсырылып, қағаздың бетінде: «ПАКЕТ №1 Қарау барысында анықталған аудиожазбадағы жазылған PHILIPS CD-R 52 X маркалы дискісі. Қатысуши: /қолтаңба/ М.Амиризатов Тергеуші: /қолтаңба/ А.Абылайұлы» деген жазулар бар. Және көк тұсті мөр басылып, мөрдің айналасында: «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Жамбыл \* облысы бойынша департаменті мемлекеттік мекемесі \* Процессуальдық құжаттар үшін» деген жазулар бар.

Пакеттің ашылғандығы мен механикалық зақымның белгілері байқалған жок.

**№1 пакеттің** ішінен сары тұсті компакт-дискі алынып оған төмендегідей шартты нөмір берілді:

№1 обьект: «PHILIPS CD-R COMPACT DISC Recordable Multi Speed 52 X 700 MB 80 MIN» техникалық сипаттамалары бар сары тұсті компакт диск. Мәтіні орыс және шет тілдерінде орындалған;

**Пакет №2** – өлшемі, шамамен, 130x170мм, қоныр тұсті пошталық конверт. Конверттің беткі жағында ақ тұсті қағаз жапсырылып, қағаздың бетінде: «ПАКЕТ №2 Қарау барысында анықталған бейнежазбадағы жазылған PHILIPS CD-R 52 X маркалы дискісі. Қатысуши: /қолтаңба/ М.Амиризатов Тергеуші: /қолтаңба/ А.Абылайұлы» деген жазулар бар. Және көк тұсті мөр басылып, мөрдің айналасында: «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Жамбыл \* облысы бойынша департаменті мемлекеттік мекемесі \* Процессуальдық құжаттар үшін» деген жазулар бар.

**№2 пакеттің** ішінен компакт диск алынып, оған шартты нөмір берілді.

№2 обьект: «SOKCK COMPACT DISC Recordable 700 MB / 80 MIN 52 Multi Speed CD-R» техникалық сипаттамалары бар ақ тұсті компакт диск. Мәтіні қазақ, орыс және шет тілдерінде орындалған;

Интернет сайттарын қарау туралы хаттама - 08 маусым 2017 жылғы (8 парагата).

#### №2 Ескерту:

- №1 обьектінің /8df3fd785a21/, /016b7cf729df/, /40e1f76340fc/, /42618408ea01/, /eae398d6a538/, /f7d5314556b5/, /fc72633c48e6/ файлдары және шет тілінде орындалған мәтіндері зерттеуге алынбады.

Сараптамага берілген компакт-дискідегі жазуларды зерттеу барысында мынадай құрал-жабдықтар пайдаланылды:

- «Qmax» компьютері;
- «beyerdynamic» құлақ қабы (наушники).

## **2. ЖУРГІЗІЛЕТІН ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІН АНЫҚТАУ**

### **2.1. Жүргізілетін зерттеулердің ерекшелігіне сәйкес әдебиеттер тандау:**

- 1) Методика по производству психолого-филологической экспертизы (на предмет провоцирования этнической, расовой, религиозной и иной непрязни, позволяющей давать правовую оценку публичным высказываниям и материалам средств массовой информации. Астана-2008, под редакцией Аманкулова К.К., с.336.
- 2) Исследование объектов религиозного характера. Методические рекомендации для экспертов. Алматы, изд. ЦСЭ МЮ РК, 2004, с.90.
- 3) Русско-Казахский словарь. Алматы: Дайк-Пресс, 2005.
- 4) В.А.Иванов, Я.Ф.Трофимов. Религии в Казахстане. А.2003г.
- 5) Васильев Леонид Сергеевич. История религии Востока: Учеб. пособие - М., Ростов-н/Д: Книжный дом, Феникс 1992-432ст.
- 6) История религий в России: Учебник, Под. Общ. Ред. Н.А. Трофимчука-М. Рагс 2002-592ст.
- 7) Кулаков Андрей Евгеньевич. Религии мира: 10-11 клас.учеб. пособие М-АСТ 1998-432ст.
- 8) Маймақов Ф.Қ. Қазіргі заманғы дінтану негіздері.-Алматы, 2013.
- 9) Н.А.Мұқанова, Д.Райханқызы, А.К.Избаиров, Ж.Е.Нурбаев. Университет КАЗГЮУ, Астана. Сот дінтанушылық сараптамасын жүргізу жөніндегі әдістеме. 2015 – 116 б.
- 10) Ислам. Энциклопедический словарь. М. «Наука».1991.-С. 66-67).
- 11) Оңтүстік Рабат. №15 (241) 15 сәуір 2015ж. Жаңа ислам мемлекеті: аныз бер ақиқат, 3 б.
- 12) Социологическая энциклопедия. Под общ. ред. А.Н. Данилова. Минск, 2003.
- 13) Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. — Алматы: Сөздік-Словарь, 2007.
- 14) Основы политологии. Курс лекций. Н.К.Капесов. 1995.
- 15) Мангейм Дж.Б., Рич Р. Политология. Методы исследования. - М.:Весь Мир, 1997.

2.2. Психологиялық-филологиялық зерттеу барысында пайдаланылған әдістер: семантикалық-синтаксистік анализ (сәйкес синтаксистік құрылымдар арқылы жасалған сөйлемді мағыналық жағынан зерттеу), қызметтік (функционалдық)-прагматикалық анализ (тілдік құрылымдардың қызметін тұтас сөйлем құрамында зерттеу), мәнмәтіндік (контекстуалдық) анализ.

2.3. Дінтанушылық зерттеу барысында келесі әдістер қолданылды:

Типологиялық әдіс қандай да бір белгілері бойынша зерттелініп жатқан объектілерді бөлшектеу және топтастыру процедураларының жиынтығын білдіреді. Типологияция нәтижесінде статистикалық тұрғыдан берік белгілер тобы – типтер жасалады, олар белгілі бір объектілер, құбылыстар үшін типологиялық ортақтықтың моделін береді. Қайсыбір объектінің белгілерінің инварианттығы оны сәйкес типке жатқызуға мүмкіндік береді. Типтің ішіндегі объектілердің белгілерінің айырмашылығы кездейсоқ сипатта болады, бұл айырмашылықтар әр түрлі типтегі объектілердің қасиеттерінің айырмашылығымен салыстырғанда болар болмас. Типологияция көмегімен діндердің тарихи типтерінің, еркін ойшылдық типтерінің сипаттамалары алынған.

2.4. Аталған зерттеу контент-талдау негізінде жүргізілді. Контент-талдау – бұл мәліметтердің ішіндегі әлеуметтік фактілер мен тенденцияларды анықтау және өлшеу мақсатында сандық-сапалық жағынан талдаудың арнайы әдісі болып табылады. Аталған әдістің ерекшелігі ол мәліметтердің әлеуметтік контексте зерттеуі болып табылады. Контент-талдау негізгі зерттеу әдісі ретінде қолданылуы мүмкін (мысалыға, газеттің, үгіттемелердің және т.б. әлеуметтік бағдарын зерттеуде); параллельді, яғни басқа да қосымша көмекші әдістер арқылы. Контент-талдау арқылы зерттеу объектісі ретінде басылымдар, радио, теледидар, бұкаралық үгіт-насихат құралдары және т.б. қарастырылады.

Аталған эксперttік зерттеу сапалық, құрылымдық контент-талдау негізінде жүргізілді. Бұл жағдайда зерттеушімен не айтылғандығы ғана емес, қалай айтылғандығы да қарастырылады.

### 3. СОТ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ

(Мырзаева М.Ә.)

*3.1 Сараптамага ұсынылған «Вконтакте» әлеуметтік желісіндегі «Надя Иванова» параптикасына жүктеліп сақталған аудиожазба материалдарында әлеуметтік, ұлттық, рулық, наследілік, діни араздықты немесе алауыздықты қоздыру, азаматтардың ұлттық ар-намысы мен қадір-қасиеті не діни сенімдерін қорлау белгілері, сондай-ақ дінге көзқарас, ұлттық, наследілік, діни белгілері бойынша олардың айрықшылығы, артықшылығы немесе кемдігі насхаттау бар ма?*

Әлеуметтік, ұлттық, рулық, наследілік, діни араздықты немесе алауыздықты қоздыру деп - әр түрлі ұлттар, ру, наследілік, әлеуметтік және діни топтардың арасында қактығыстар туғызуға әрекет жасау түсініледі. Олар күш көрсетумен, қорқытумен, бір ұлт, ру, наследілік, әлеуметтік, дін топ өкілдерінің айрықшылығы, артықшылығы және басқалардың кемшілігі туралы пайымдаулармен, қорлаумен және т.б. жүзеге асуы мүмкін.

Әлеуметтік, ұлттық, рулық, наследілік, діни төзімсіздіктің басты белгілері болып мыналар табылады:

қандай да бір ұлттың, рудың, наследілің, діннің, әлеуметтік топтың жағымсыз образын, сондай-ақ теріс этникалық стереотипті санада қалыптастыру және нығайту;

азаматтардың ұлттық ар-намысы мен қадір-қасиетін, діни сезімдерін қорлау;

*Мырзаева М.Ә.*

белгілі бір ұлттың, рудың, нәсілдің, әлеуметтік топтың, діннің табиғи артықшылығын және басқалардың кемістігін айту;

бір ұлттық, рулық, нәсілдік, әлеуметтік, діни топтың әрекеттерін басқа топқа қарсы жасалған жауыздық әрекеттер мен қауіпті ниеттерге жатқызу;

жеке бір өкілдің әрекеттері үшін бүкіл этникалық, әлеуметтік, рулық, нәсілдік, діни топтың кінәлау және жауапкершілікті арту;

белгілі бір ұлттың, рудың, нәсілдің, әлеуметтік топтың, діннің түпкі жауыздығын, дұшпандығын растау;

белгілі бір ұлттың, рудың, нәсілдік, діни топтың өкілдеріне қарсы әрекетке итермелеу;

белгілі бір ұлттық, рулық, нәсілдік, діни, әлеуметтік топ өкілдеріне қатысты геноцидті, депортациялауды, қудалау мен құғын-сүргінді макұлдау;

белгілі бір ұлттың, рудың, нәсілдің, діни топтың өкілдерін әртүрлі қызмет салаларынан ығыстыруды, қысып шығаруды талап ету;

азаматтардың ұлттық, рулық, нәсілдік, әлеуметтік белгісіне қарай құқықтары мен бостандықтарының шектелуін немесе оларға аса жеңілдік жасалуын талап ету;

белгілі бір ұлттың, рудың, нәсілдің, әлеуметтік топтың, діннің өкілдеріне қарсы зорлық-зомбылық әрекеттерге арандату;

белгілі бір ұлттың, рудың, нәсілдің, әлеуметтік топтың, діннің өкілдеріне қатысты қауіп төндіру мен қорқыту;

белгілі бір ұлттық, рулық, нәсілдік, әлеуметтік, діни топтың басқаларға қарсы астырытын әрекеттері мен құпия жоспарларының бар екенін айту;

жеке бір өкілдердің қандай да бір жағымсыз сипаттамасы мен кемістігін бүкіл этникалық, рулық, нәсілдік, әлеуметтік, діни топтардың мақсатқа сәйкес әрекеттерінің болуымен байланысты түсіндіру.

*Азаматтардың ұлттық ар-намысы мен қадір-қасиетін не діни сезімдерін қорлау – белгілі бір ұлтка, дінге әдепсіз нысандағы жағымсыз қатынас көрсету. Қорлау – біреудің ар-намысын, қадір-қасиетін әдепсіз нысанда төмендету. Сөйлеудің әдепсіз нысаны – автор өз ойын білдіру мақсатында нормаға сәйкес келмейтін тілдік құралдарды, инвективтік, балағат (тыйым салынған) лексиканы пайдалануы.*

*Нормаға сәйкес келмейтін инвективтік лексика (invective oratio (балағат сөз) – пайдаланылуы қарым-қатынастарда (БАҚ-да) қоғамдық ізгілік нормаларын бұзатын қорлаушы тіл; балағаттау, біреуге, бір нәрсеге қарсы жағымсыз сөйлеу.*

*Дінге көзқарас, ұлттық, нәсілдік белгілері бойынша олардың айрықшылығы немесе кемдігін айтатын сөйлемдер – арнайы лексика-грамматикалық, семантикалық құрылымдары азаматтардың табиғи, биологиялық, адамгершілік қағидалары, діни белгілеріне қарай кемсітетін немесе айрықшылығын, артықшылығын білдіретін сөйлемдер немесе сөйлемшелер. Грамматикалық жағынан олар «жақсы-жаман» принциптері бойынша салыстыру арқылы да жасалады.*

*Мурзанов*

Зерттелетін объектілердің вербальді (ауызша-жазбаша) деңгейдегі анализі келесіні көрсетті:

Зерттеуге ұсынылған материал мәтінінде әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, діни араздықты немесе алауыздықты қоздыру, азаматтардың ұлттық ар-намысы мен қадір-қасиеті не діни сенімдерін қорлау белгілері, сондай-ақ дінге көзқарас, ұлттық, нәсілдік, діни белгілері бойынша олардың айрықшылығы, артықшылығы немесе кемдігі туралы сөйлемдер жоқ екендігін көрсетті. Өйткені мәтіндер құрамында:

- әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, діни араздықты немесе алауыздықты қоздыруга бағытталған қандай да бір әлеуметтік топ, өкілдеріне жағымсыз баға беру келтірімеген;
- қандай да бір әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, діни топ өкілдеріне қарсы жағымсыз зорлық әрекеттерге итермелебулар келтірілмеген;
- тілдік нормага кірмейтін инвективтік, балағат (тыым салынған) лексика және қандай-да бір әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, діни топ өкілдеріне қатысты теріс-жағымсыз бағалау сөздер мен сөйлемдер келтірілмеген;
- қандай-да бір әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, діни топ өкілдеріне қатысты теріс-жағымсыз бағалау және «жаман-жақсы» деп азаматтарды салыстырулар жоқ.

Сонымен, зерттеуге ұсынылған №№1, 2 объектілер мәтінінде әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, діни араздықты немесе алауыздықты қоздыру, азаматтардың ұлттық ар-намысы мен қадір-қасиеті не діни сенімдерін қорлау белгілері, сондай-ақ дінге көзқарас, ұлттық, нәсілдік, діни белгілері бойынша олардың айрықшылығы, артықшылығы немесе кемдігі туралы сөйлемдер жоқ.

*3.2. Сараптамага ұсынылған «Вконтакте» әлеуметтік желісіндегі «Надя Иванова» парақшасына жүктеліп сақталған аудиожазба материалдарында үкіметті күштеп басып алу, үкіметті күштеп ұстауга немесе конституцияның құрылышын күштеп өзгертуге сондай-ақ Қазақстан Республикасының тұластығын және аумағының бірлігін күштеп бұзуга үндеулер бар ма?*

Аталмыш сұраққа жауап беру үшін келесі негізгі ұғымдардың анықтамасы қажет:

